

ҚАЗАҚСТАНДА ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ ДӘРЕЖЕСІН БЕРУ: МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

**Зайра
САТПАЕВА***

PhD, қауымдастырылған профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты, Шевченко к., 28, A25K1B0, Алматы, Қазақстан Республикасы, szt_kz@mail.ru, Web of Science Researcher ID: N-5297-2014, Scopus Author ID: 57214615874, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1644-3709>

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 07/04/2024

Қайта өңделген күні: 30/05/2024

Қабылданған күні: 14/05/2024

DOI: 10.52123/1994-2370-2024-1215

ӨОЖ 378.048.2

ҒТАХТК 06.77.59

Аңдатпа. Докторантура бағдарламалары болашақ ғалымдардың қалыптасуына ықпал етеді. Бұл мақала докторантура саласындағы, атап айтқанда философия докторы дәрежесін беру жөніндегі мемлекеттік саясатты талдауға және жүргізіліп жатқан саясат нәтижелерінің бірі ретінде Қазақстандағы диссертациялардың қорғалу деңгейін бағалауға бағытталған. Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Ұлттық статистика бюросының 2022/2023 жылдардағы докторанттардың саны, олардың қозғалысы мен таралуы жөніндегі деректеріне статистикалық талдау және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіндегі докторантура бағдарламасына байланысты нормативтік-құқықтық актілерге контент-талдау жүргізілді. Соңғы жылдары ғылыми кадрларды даярлау және диссертацияларды қорғау процесі жаңғыртылып жатқаны анықталды. Докторантура саласындағы мемлекеттік саясат докторанттардың бойында зерттеу дағдыларының жоғары деңгейін қалыптастыруға бағытталған, бұл біліктілігі жоғары ғылыми кадрларды даярлауды және елде бәсекеге қабілетті ғылымды дамыту міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етеді. Алайда, елімізде докторантураны бітіргеннен кейін диссертацияларды қорғау деңгейі өте төмен – 15,23%. Бұл көрсеткіш ел өңірлері, оқыту мамандықтары, жынысы және оқу ақысын төлеу әдістері бойынша ерекшеленеді. Диссертацияларды қорғау деңгейін және ғылыми кадрлардың дәрежелілік деңгейін арттыру мақсатында докторантураға оқуға қабылдау кезінде, докторантурада оқу кезінде, диссертацияны қорғауға жіберу және диссертацияны қорғау кезінде бірқатар шаралар ұсынылды.

Түйін сөздер: докторантура, ғылыми кадрлар, дәрежелілік деңгейі, диссертацияларды қорғау деңгейі, ғылыми жарияланымдар, Scopus, Web of Science.

Abstract. Doctoral programs help shape future scientists. This article is aimed at analyzing public policy in the field of doctoral studies, in particular regarding the award of a Doctor of Philosophy degree, and assessing the level of PhD thesis defense in Kazakhstan as one of the results of the policy. To achieve this goal, a statistical analysis of data from the Bureau of National Statistics on the number, movement, and distribution of doctoral students for 2022/2023 and a content analysis of regulations from the Adilet information and legal system related to the doctoral program were carried out. It was revealed that in recent years there has been a modernization of the process of training scientific personnel and thesis submission. Public policy in the field of doctoral studies is aimed at developing a high level of research skills among doctoral students, which will ensure the training of highly qualified scientific personnel and the implementation of tasks for the development of competitive science in the country. However, the country has a low level of thesis defense at the end of doctoral studies - 15.23%. This indicator varies by region of the country, specialty of study, gender, and methods of payment for education. In order to increase the level of thesis defense and the level of degree of scientific personnel, a number of measures were proposed for admission to doctoral studies, during doctoral studies, for admission to the thesis submission, and thesis submission.

Keywords: doctoral studies, scientific personnel, level of degree, level of thesis defense, scientific publications, Scopus, Web of Science.

Аннотация. Программы докторантуры способствуют формированию будущих ученых. Данная статья нацелена на анализ государственной политики в сфере докторантуры, в частности по присуждению степени доктора философии, и оценку уровня защищаемости диссертаций в Казахстане как одного из результатов проводимой политики. Для достижения поставленной цели был проведен статистический анализ данных Бюро национальной статистики по численности, движению и распределению докторантов за 2022/2023 годы и контент-анализ нормативно-правовых актов из информационно-правовой системы «Әділет», связанных с

*Хат-хабарларға арналған автор: З. Сатпаева, szt_kz@mail.ru

программой докторантуры. Было выявлено, что в последние годы происходит модернизация процесса подготовки научных кадров и защиты диссертаций. Государственная политика в сфере докторантуры направлена на формирование у докторантов высокого уровня исследовательских навыков, что обеспечит подготовку высококвалифицированных научных кадров и выполнение задач по развитию конкурентоспособной науки в стране. Однако, в стране низкий уровень защищаемости диссертаций по окончании докторантуры - 15,23%. Этот показатель различается в разрезе регионов страны, специальностей обучения, гендера и методов оплаты обучения. В целях повышения уровня защищаемости диссертаций и остротенности научных кадров был предложен ряд мер при приеме на обучение в докторантуру, во время обучения в докторантуре, при допуске к защите диссертации и защите диссертации.

Ключевые слова: докторантура, научные кадры, уровень остротенности, уровень защищаемости диссертаций, научные публикации, Scopus, Web of Science.

Кіріспе

«Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (бұдан әрі - Тұжырымдама) шеңберінде [1] елде ғылымды дамытудың мынадай міндеттері белгіленді: ғылымды әкімшілендірудің жаңа моделін енгізу, зияткерлік әлеуетті нығайту, ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру, университет ғылымын дамыту, қолданбалы ғылымды және ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру экожүйесін дамыту. Ғылымның барлық салаларында біліктілігі жоғары ғылыми кадрлар болмайынша бәсекеге қабілетті ғылымның дамуы мүмкін емес. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мәліметтері бойынша Қазақстанда ғылыми ұйымдардың мамандармен толымдылығының төмен деңгейі байқалады, ғылым саласына жоғары оқу орнынан кейінгі даярлықтан өткен түлектер аз келеді, бұл кадр әлеуетінің қысқару шығындарын өтемейді [2]. 2022 жылдың деректеріне сәйкес ғылым саласында 18014 зерттеуші маман еңбек ететінін айта кету қажет. 2020 жылмен салыстырғанда олардың саны 214 адамға қысқарған, кадрлар дәрежесі (магистр дәрежесін есептегенде) - 44,02%-дан 45,76%-ға дейін шамалы өскен. Жоғарыда айтылғандардың барлығы ғылыми кадрларды даярлаудың, оның ішінде докторантура бағдарламалары арқылы даярлаудың өзектілігі мен маңыздылығын анықтайды [3, 4].

Осыған байланысты, Тұжырымдамаға сәйкес ғылыми кадрларды даярлауға берілетін мемлекеттік білім беру тапсырысын 5 мың грантқа дейін, сондай-ақ PhD

докторанттарды даярлауға арналған гранттардың құнын ұлғайту жоспарланған. Тұжырымдаманың бір міндеті философия докторы дәрежесін беру тәртібін жетілдіру болып табылады. Философия докторларын даярлау саласындағы негізгі құжаттар диссертацияны қорғауға жіберу және қорғаудың өзіне қойылатын талаптарды айқындайтын Дәрежелерді беру қағидалары мен Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже болып табылады. Бұл құжаттарда докторанттардың оқуын аяқтауы үшін өте маңызды болып табылатын ғылыми дәрежелерді беруге қойылатын нақты және толық талаптар көрсетілген. Дәрежелерді беру қағидаларына бірнеше мәрте өзгерістер енгізілгенін, оның ішінде қорғауға рұқсат беру үшін жарияланымдарға қойылатын талаптар бойынша өзгерістер енгізілгенін айта кету қажет [5].

Мемлекет және оның докторантура саласындағы саясаты диссертацияларды қорғау деңгейіне, сондай-ақ елдегі ғылыми кадрларды даярлауға әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Сонымен, зерттеушілер аспирантураның құрылымдық моделіне көшу проблемаларын анықтады: оқу уақыты мен дағдыларының шектеулі болуы, қаржыландырудың болмауы және ақылы жұмысқа орналасу қажеттілігі [6]. Докторанттарға арналған мемлекет қаржыландыратын ұтқырлық бағдарламасы зерттеушілерді ықтимал шектеулерге бейімделе отырып, өз мақсаттарына жетуге ынталандырады [7]. PhD бағдарламасын аяқтау үшін нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда жариялау талабы көптеген ғылым кандидаттары үшін шешілмейтін кедергі болып табылады. Сондықтан, аталған сыни талаптар қолдау құрылымдарымен бірге жүруі керек [8].

Бұл зерттеудің мақсаты

докторантура саласындағы, атап айтқанда философия докторы дәрежесін беру жөніндегі мемлекеттік саясатты талдау және жүргізіліп жатқан саясат нәтижелерінің бірі ретінде Қазақстандағы диссертациялардың қорғалу деңгейін бағалау болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеу мынадай сұрақтарға жауап беруге бағытталған: Қазақстанда ғылыми кадрларды даярлаудың ерекшеліктері мен деңгейі қандай? Диссертацияларды қорғау деңгейін және елдегі ғылыми кадрлардың дәрежелілігін арттыру үшін қандай шаралар қажет?

Зерттеу гипотезасы келесідей болды: Қазақстанда ғылыми кадрларды даярлау оқуын аяқтап шығатын философия докторларының төмен деңгейімен сипатталады, бұл докторанттардың диссертациялық зерттеуді қорғауға дайындау барысында

кезігіп жататын проблемалармен байланысты, яғни докторантураның білім беру бағдарламасының сапасын жақсарту және Қазақстандағы ғылыми кадрлардың дәрежелілігін арттыру бойынша түрлі шараларды әзірлеуді қажет етеді.

Зерттеу стратегиясы сәйкесінше статистикалық талдау және контент-талдау арқылы қайталама, сандық және сапалық деректерді жинау, өңдеу және талдауды қамтитын аралас әдістердің дизайнына негізделген түсіндірме-дәйекті тәсілге негізделген. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінің нормативтік-құқықтық актілері деректер базасы ретінде қызмет етті. Статистикалық деректер 2022/2023 оқу жылының басында қаралды.

1-кесте – Зерттеудің деректер базасы

Статистикалық талдау				
№	Көрсеткіш	Бюллетень	Сілтеме	
1	Оқу ұйымдарының саны, бірл.	«Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы» (23 серия)	https://old.stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT474126	1
2	Докторанттар санының қозғалысы, адам			
3	Докторанттардың өңірлер бойынша бөлінуі, адам			
4	Докторанттардың мамандықтар бойынша бөлінуі, оларды қабылдау және бітіріп шығуы, адам			
5	Жасы бойынша саны, адам			
6	Магистранттар, резидентура тыңдаушыларының және докторанттардың ұлты бойынша саны, адам			
Контент-талдау				
№	Құжат	Нормативтік-құқықтық акт	Сілтеме	
1	Дәрежелерді беру қағидалары	ҚР БҒМ бұйрығы (31.03.11, № 127). ҚР ӨМ-де тіркелген (13.05.11 ж., № 6951).	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100006951	2
		ҚР БҒМ бұйрығы (30.05.13 ж., № 214). ҚР ӨМ-де тіркелген (2.07.13 ж., № 8552).	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300008552	3
		ҚР БҒМ бұйрығы (25.07.16 ж., № 468). ҚР ӨМ-де тіркелген (13.10.16 ж., № 14325).	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014325/download/docx	4
		ҚР БҒМ бұйрығы (24.05.19 ж., № 14325).	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1900014325/download/docx	5

		ж., № 230). ҚР ӨМ-де тіркелген (28.05.19 ж., № 18737).	docs/V1900018737	
		ҚР ҒЖБМ м.а. бұйрығы (9.01.23 ж., № 7). ҚР ӨМ-де тіркелген (10.01.23 ж., № 31654).	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300031654#z34	6
2	Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже	ҚР БҒМ бұйрығы (31.03.11 ж., № 126). ҚР ӨМ-де тіркелген (29.04.11 ж., № 6929).	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100006929	7
3	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары	ҚР БҒМ бұйрығы (31.10.18 ж., № 600). ҚР ӨМ-де тіркелген (31.10.18 ж., № 17650).	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017650	8
4	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты	ҚР ҒЖБМ бұйрығы (20.07.22 ж., № 2). ҚР ӨМ-де тіркелген (27.07.22 ж., № 28916).	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028916	9
<i>БҒМ – білім және ғылым министрі; ҒЖБМ – ғылым және жоғары білім министрі; Өділет министрлігі - ӨМ; ҚР – Қазақстан Республикасы.</i>				

Ескертпе: автормен құрастырылған

Нәтижелер

Бүгінгі таңда Қазақстанда дәреже алудың, атап айтқанда мынадай нысандардың біреуімен диссертацияны қорғау арқылы алудың екі мүмкіндігі бар [1-кесте, 6-сілтеме]:

1) диссертациялық жұмыс – өзі жазу, ішкі бірлік, ғылыми жаңашылдық, дәйектілік және практикалық құндылық пен академиялық адалдық принциптері сақтала отырып орындалған философия докторын даярлау жөніндегі білім беру бағдарламасы шеңберінде нақты мамандық бойынша біліктілік ғылыми жұмысы;

2) Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші және/немесе екінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған кемінде екі мақала және бір шолу немесе үш мақала сериясы. Мақаланың біреуінде докторант хат-хабарлардың бірінші авторы немесе авторы болады.

Бірінші жағдайда қорғауға жіберу үшін жарияланымдар бойынша талаптарды орындау қажет, екінші жағдайда - докторантқа жарияланымдар бойынша талаптар қолданылмайды.

Мәселен, қорғауға қойылатын талаптардың бірі ізденушінің JCR Clarivate Analytics бойынша белгілі бір квартильге кіретін немесе Scopus-тағы Citescore бойынша ықтимал төрттен үш нұсқада процентильге ие журналда кем дегенде бір басылымының болуы.

2013 жылы қорғауға жіберу үшін диссертацияның тақырыбы бойынша кемінде 7 басылым қажет болды, оның ішінде уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдарда - кемінде 3, Томсон Рейтер (ISI Web of Knowledge, Thomson Reuters) компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторға ие немесе Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымда - кемінде 1, халықаралық конференциялардың материалдарында - 3, оның ішінде шетелде – 1 [1-кесте, 2,3-сілтемелер].

2016 жылы мамандықтардың топтары үшін халықаралық ғылыми басылымдар индекстелетін деректер базасы анықталды. Журналға қойылатын талаптар, атап айтқанда ағымдағы нөмірі, мамандықтың тақырыптық бағыты анықталды. Сондай-ақ, Томсон Рейтер (Web of Science (WoS), Thomson Reuters)

деректер базасынан шетелдік патенттер халықаралық рецензияланатын ғылыми басылымдардағы жарияланымдарға теңестірілді [1-кесте, 4-сілтеме].

2019 жылы жарияланымдар саны (7) бойынша талап өзгерген жоқ, бұл ретте халықаралық конференциялар жинақтарындағы жарияланымдардың міндеттілігі алынып тасталды. Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдар дайындық бағытына байланысты ескерілді, бұл ретте журналдарға қойылатын талаптар артты. Мәселен, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында кадрларды даярлайтын бағыттар үшін бұл JCR Clarivate Analytics деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторға ие немесе Clarivate Analytics компаниясының WoS Core Collection (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) деректер базасында индекстелген не болмаса Scopus деректер базасында диссертация мазмұнына сәйкес келетін немесе JSTOR деректер базасына кіретін ғылыми салалардың кем дегенде біреуінен CiteScore бойынша кемінде 25 процентиль көрсеткіші бар басылым болуы тиіс [1-кесте, 5-сілтеме].

2023 жылы WoS базасындағы журналдың квантили және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша процентильдің жарияланған жылы не жарияланған жылдың алдындағы жыл есепке алынатыны анықталды. Бұл ретте, егер Scopus және/немесе WoS базасында халықаралық рецензияланатын ғылыми журналды индекстеу бұзушылықтарға байланысты тоқтатылған жағдайда, онда үміткердің осы журналда индекстеу тоқтатылған жылы және өткен жылғы жарияланымдары есепке алынбайды. Есепке алынатын ғылыми мақалалардың түрлері (Article, Review, Article in Press, Conference Paper, Proceedings) белгіленді, журналдың ресми сайтында мақаланың болу қажеттілігі және пәнаралық бағыттағы ғылыми журналдарда жариялау мүмкіндігі көрсетілді. Жіберу үшін қажетті мақалалардың саны азайды. Докторанттардың жарияланымдар саны мен журналдарға қойылатын талаптар

бойынша ерекшеленетін жарияланымдар үшін бірнеше мүмкіндіктері пайда болды. Бұл ретте қазақ тілі мен әдебиетіне, қазақ филологиясына, Қазақстан тарихына, қазақ философиясына қатысты білім беру бағдарламалары үшін қорғауға жіберу үшін халықаралық рецензияланатын ғылыми басылымдағы жарияланымның орнына нұсқалардың бірінде Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған Басылымдар тізбесіндегі журналдарда кемінде 5 мақаланың болуына жол беріледі [1-кесте, 6-сілтеме].

Диссертациялық кеңестің тұрақты және уақытша мүшелеріне де талаптар күшейе түсті. Мәселен, диссертациялық кеңес мүшелерінің үштен екі бөлігінің Хирш индексі 3 кем болмауы, сондай-ақ рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда 2-3 жарияланым болуы тиіс, оларға қойылатын талаптар мамандыққа байланысты әртүрлі болады. Диссертациялық кеңес шешімдерінің тізбесі кеңейді: диссертацияны толықтыруға немесе қайта қорғауға жіберу. Ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орнының жанындағы Диссертациялық кеңес философия докторы дәрежесін өз бетімен бере алады [1-кесте, 7-сілтеме].

Жарияланымдарға және қорғауды жүргізуге қойылатын талаптардың артуымен бірге Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында көрсетілген докторантураға түсушілерге қойылатын талаптар да жоғарылады. Докторантураға түсу үшін кемінде 9 ай жұмыс өтілінің болуы, сондай-ақ түсу емтиханына білім беру бағдарламасының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан басқа, емтихан комиссиясы өткізетін оқуға түсушімен әңгімелесу, эссе жазу және докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест сияқты блоктарды енгізу маңызды талап болды, бұл оқуға түсушінің кәсіби және жеке басының қасиеттерін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін оның әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді. Graduate Record Examinations (GRE) стандартталған тестін тапсырғаны туралы халықаралық сертификат болған

жағдайда оларды өту талап етілмейді [1-кесте, 8-сілтеме].

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторантурада оқу кезінде Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес теориялық оқыту базалық пәндер циклін, оның ішінде «Академиялық жазу», «Ғылыми зерттеу әдістері» сияқты пәндерді, сондай-ақ таңдау компонентін қамтиды. Докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде теориялық оқыту 45 академиялық кредитті құрайды. Докторантураның білім беру бағдарламасының ғылыми негізі отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің басшылығымен докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысынан, ғылыми жарияланымдардан, диссертация жазудан және оны қорғаудан қалыптасады. Сондай-ақ ол ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда, оның ішінде білім беру және ғылыми компоненттерді қамтитын шетелде тағылымдамадан өтуден тұрады. Ғылыми-зерттеу жұмысы 123 академиялық кредитті құрайды. Докторантура кезінде педагогикалық (кемінде 10 академиялық кредит) және зерттеу (кемінде 10 академиялық кредит) практикадан өту көзделеді. Соңғысы ғылыми-зерттеу институттарының базасында болады. Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін докторант жеке жұмыс жоспарын орындау тұрғысынан академиялық аттестаттаудан өтеді. Қорытынды аттестаттау 12 академиялық кредитті құрайды, докторлық диссертацияны жазу және қорғау да осымен бірдей [1-кесте, 9-сілтеме].

2022 жылдың деректері бойынша Қазақстанда докторанттарды даярлайтын 73 ұйым жұмыс істейді, оның ішінде 22 – мемлекеттік, 51 – жеке меншік ұйым. 2022-2023 оқу жылында докторантурада оқитындардың саны 6156 адамды құрады, оның 6021-і философия докторанттары. Философия докторанттарының басым бөлігі (79,3%) еліміздің мегаполистерінде оқиды. Докторанттардың жартысына жуығы (46%) Алматы қаласының жоғары оқу орындарында оқиды. 100-ден астам докторант Қарағанды (390 адам), Абай (140 адам) және Шығыс Қазақстан (120

адам) облыстарының жоғары оқу орындарында оқиды, қалған өңірлерде – докторанттар 100-ге жетпейді. 2022-2023 оқу жылында белгіленген мерзімнен артық даярлықтан өткен білім алушылардың саны Астана қаласынан (377 адам), Алматы қаласынан (16 адам), Шығыс Қазақстан облысынан (9 адам) және Қарағанды облысынан (6 адам) 408 адамды құрады. Бұл ретте оқуды бітіргенге дейін 305 адам, көпшілігі Алматы қаласындағы (160 адам), Астана қаласындағы (50 адам) және Қарағанды облысындағы (42 адам) жоғары оқу орындарынан шығып қалған [1-кесте, 1-сілтеме].

Қазақстандағы докторанттардың басым бөлігі 22-29 жас аралығында. Ең жас докторант 22 жаста. Мұндай докторантура студенттері 9 адам. Олар Қостанай облысынан, Астана және Алматы қалаларынан. 2022-2023 оқу жылында 60 жастан асқан 9 адам докторантурада оқыды. Бұл Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының, Астана және Алматы қалаларының өкілдері. Қазақстан докторанттарының басым көпшілігі (90,95%) – бұл қазақ ұлтының өкілдері. Докторанттардың шамамен жеті пайызын (6,68%) орыстар (3,77%), қытайлар (0,65%), кәрістер (0,63%), өзбектер (0,55%) және Үндістан мен Пәкістан халықтары (0,55%) құрайды. Бұл ретте 118 докторант (1,92%) басқа елдердің азаматтары болып табылады, олардың басым бөлігі алыс шет елдерден (Пәкістан, Қытай, Иран, Ауғанстан, Нигерия, Гана және т.б.) келген. ТМД елдерінен келген докторанттар – бұл Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Әзірбайжан және Украина студенттері. Әйелдер қазақстандық докторанттардың 63% құрайды. Бұл ретте әйел докторанттардың ең жоғары пайызы Ақтөбе (82,14%) және Ақмола (80%) облыстарында, ең төмен пайызы - Павлодар облысында (52,63%). 2022-2023 оқу жылында 1536 докторант бітіріп шықты, олардың 68,88%-ы әйелдер [1-кесте, 1-сілтеме].

Докторанттардың ең көп бөлігі «8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» (1032 адам), «8D01 Педагогикалық ғылымдар» (923 адам), «8D05 Жаратылыстану ғылымдары,

математика және статистика» (785 адам), «8D04 Бизнес, басқару және құқық» (767 адам) мамандықтарында оқиды. Докторанттардың ең аз бөлігі «6D020000 Гуманитарлық ғылымдар» (9 адам), «6D060000 Жаратылыстану ғылымдары» (7 адам), «6D010000 Білім беру» (1 адам) және «6D080000 Ауыл шаруашылығы ғылымдары» (1 адам) сияқты мамандықтарда оқиды. Әйелдер докторанттарының саны – «8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» және «8D12 Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс» мамандықтарын қоспағанда, барлық мамандықтар бойынша асып түседі. «8D01 Педагогикалық ғылымдар», «8D09 Ветеринария», «8D11 Қызмет көрсету саласы» және «6D060000 Жаратылыстану ғылымдары» мамандықтары бойынша бұл көрсеткіш 3 және одан да көп есе жоғары.

Елде докторантураны бітіргеннен кейін диссертацияларды қорғау деңгейі төмен. Мәселен, 2022-2023 оқу жылында 1536 докторант бітіріп шықты, оның 234-і, яғни 15,23% диссертациясын қорғаған. Жағдай нашарлап барады. Мысалы,

2020/2021 оқу жылында бұл көрсеткіш 25,6% құрады [2]. Алматы, Батыс Қазақстан және Түркістан жоғары оқу орындарының 100% докторанттары диссертацияны қорғай отырып, оқуын бітіргенін айта кету керек. Ал, Ақмола, Жамбыл, Жетісу, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласының докторанттары оқуды аяқтады, бірақ диссертация қорғаған жоқ. Ақтөбе облысында бітірген докторанттардың тек 58,33%-ы ғана, Шығыс Қазақстан облысында - 55,56%, Абай облысында - 51,22%, Қарағанды облысында - 40,74%, Қостанай облысында – 25%, Алматы қаласында - 13,61% және Астана қаласында - 4,99% диссертация қорғаған [1-кесте, 1-сілтеме]. Диссертацияларды қорғау пайызы ерлерге (13%) қарағанда әйелдердің арасында (16%) жоғары екенін атап өткен жөн. Бұл ретте Ақмола, Жамбыл, Жетісу, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының және Шымкент қаласының жоғары оқу орындарында докторанттар диссертациялық зерттеуді қорғамай оқуын аяқтаған (2-кесте).

2-кесте – Қазақстанда докторантураны аяқтаған докторанттардың өңірлер бойынша гендерлік бөлінуі, адам, 2022-2023 оқу жылы

Өңір	Ерлер			Әйелдер		
	Бітірген докторанттар	оның ішінде диссертацияны қорғағандар	Диссертацияның қорғалу пайызы	Бітірген докторанттар	оның ішінде диссертацияны қорғағандар	Диссертацияның қорғалу пайызы
Қазақстан	478	61	12,76	1058	173	16,35
Абай	13	7	53,85	28	14	50,00
Ақмола	3	0	0	8	0	0
Ақтөбе	3	2	66,67	9	5	55,56
Алматы	7	7	100,00	5	5	100,00
Батыс Қазақстан	1	1	100,00	2	2	100,00
Жамбыл	3	0	0	4	0	0
Жетісу	3	0	0	19	0	0
Қарағанды	35	7	20,00	73	37	50,68
Қостанай	2	0	0	2	1	50,00
Қызылорда	1	0	0	11	0	0
Маңғыстау	2	0	0	5	0	0
Павлодар	5	0	0	17	0	0
Солтүстік	4	0	0	3	0	0

Қазақстан						
Түркістан	5	5	100,00	7	7	100,00
Шығыс Қазақстан	8	7	87,5	10	3	30,00
Астана қ.	141	7	4,96	340	17	5,00
Алматы қ.	234	18	7,69	501	82	16,37
Шымкент қ.	8	0	0	14	0	0

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

«Педагогикалық ғылымдар» (8D01) және «Ветеринария» (8D09) мамандықтары бойынша диссертацияларды қорғаудың ең жоғары деңгейі – 33%. Олардан кейін «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (6D050000) – 27%, «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» (8D02) және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру» (8D10) – 21%, сондай-ақ «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» (8D05) мамандықтары бойынша қорғау деңгейі айтарлықтай жоғары - 16%. «Қызметтер» (8D11), «Қызмет көрсету саласы» (8D111), «Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс» (8D12) және «Техникалық ғылымдар және

технологиялар» (6D070000) мамандықтары бойынша докторантура бағдарламасын аяқтаған, бірақ диссертация қорғамаған түлектер бар. «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» (8D07) - 3%, «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат» (8D03) - 4%, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» (8D08) - 5%, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (8D06) - 7% және «Бизнес, басқару және құқық» (8D04) - 8% сияқты мамандықтар бойынша диссертациялардың қорғалу деңгейі өте төмен [1-кесте, 1-сілтеме]. Сонымен қатар, ерлер арасында қорғау деңгейі әйелдерге қарағанда жоғары (3-кесте).

3-кесте – Қазақстанда мамандықтар бойынша докторантураны аяқтаған докторанттардың гендерлік бөлінісі, адам, 2022-2023 оқу жылы

Бағыттар біліктілігі мен мамандықтар атауы	Ерлер			Әйелдер		
	Бітірген докторанттар	оның ішінде диссертацияны қорғағандар	Диссертацияның қорғалу пайызы	Бітірген докторанттар	оның ішінде диссертацияны қорғағандар	Диссертацияның қорғалу пайызы
8D01	44	12	27,27	177	62	35,03
8D02	43	5	11,63	148	35	23,65
8D03	38	1	2,63	84	4	4,76
8D04	55	5	9,09	118	9	7,63
8D05	52	11	21,15	151	21	13,91
8D06	56	4	7,14	71	5	7,04
8D07	116	5	4,31	151	2	1,32
8D08	8	0	0,00	11	1	9,09
8D09	3	1	33,33	6	2	33,33
8D10	27	10	37,04	103	17	16,50
8D11	-	-	-	15	0	0,00
8D111	-	-	-	6	0	0,00
8D12	10	0	0,00	2	0	0,00
6D050000	5	2	40,00	6	1	16,67
6D070000	0	0	0,00	1	0	0,00

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Ақылы негізде оқитын пайызы жоғары екенін атап өткен жөн (4-кесте). Бұл ретте ақылы білім беру

қызметтері негізінен халықтың қаражаты есебінен өтеледі.

4-кесте – Қазақстанда оқу ақысын төлеу әдісі бойынша докторантураны аяқтаған докторанттардың бөлінісі, адам, 2022-2023 оқу жылы

Бағыттар біліктілігі мен мамандықтар атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы			Ақылы білім беру қызметтері		
	Бітірген докторанттар	оның ішінде диссертацияны қорғағандар	Диссертацияның қорғалу пайызы	Бітірген докторанттар	оның ішінде диссертацияны қорғағандар	Диссертацияның қорғалу пайызы
8D01	204	61	29,9	17	13	76,47
8D02	190	40	0,00	1	-	0,00
8D03	118	5	4,24	4	-	0,00
8D04	147	13	8,84	26	1	3,85
8D05	199	28	14,07	4	4	100,00
8D06	125	8	6,40	2	1	50,00
8D07	265	7	2,64	2	-	0,00
8D08	18	1	5,56	1	-	0,00
8D09	9	3	33,33	-	-	-
8D10	125	26	20,80	5	1	20,00
8D11	15	-	0,00	-	-	-
8D111	6	-	0,00	-	-	-
8D12	12	-	0,00	-	-	-
6D050000	-	-	-	11	3	27,27
6D070000	1	-	0,00	-	-	-

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

Бұл ретте гендерлік бөліністе мемлекеттік білім беру грантында оқитын ер не әйел болсын, түлектер арасындағы қорғау пайызы ақылы негізде оқитындарға қарағанда жоғары.

Осылайша, соңғы жылдары ғылыми кадрларды даярлау және диссертацияларды қорғау процесі жаңғыртылуда. Докторантураға түсушілерге қойылатын талаптар да, қорғауға жіберу және диссертацияны қорғауға қойылатын талаптар да күшейе түсті. Диссертацияларды қорғау барысында ғылымның әртүрлі салаларындағы білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері ескеріледі. Гуманитарлық ғылымдардың докторанттары үшін қорғауға жіберуге арналған жарияланымдарға қойылатын талаптар, оның ішінде халықаралық рецензияланатын журналға мақала жарияламай екі жеке мүмкіндікке бөлінді. Докторантура саласындағы мемлекеттік саясат докторанттардың бойында зерттеу дағдыларының жоғары деңгейін қалыптастыруға бағытталған, бұл

біліктілігі жоғары ғылыми кадрларды даярлауды және елде бәсекеге қабілетті ғылымды дамыту жөніндегі міндеттерді орындауды қамтамасыз етеді. Алайда, елде докторантураны бітіргеннен кейін диссертацияларды қорғау деңгейі төмен. Мәселен, 2022-2023 оқу жылында 1536 докторант бітіріп шықты, оның 234-і диссертацияны қорғады - 15,23% [1-кесте, 1-сілтеме]. Бұл көрсеткіш ел өңірлері, оқыту мамандықтары, жынысы және оқу ақысын төлеу әдістері бойынша ерекшеленеді. Бұл ретте гуманитарлық ғылымдар саласында диссертацияларды қорғау жағдайы әлеуметтік ғылымдар саласына қарағанда жақсы, бұл қорғауға жіберу кезінде жарияланымдарға қойылатын талаптарды төмендетуге байланысты болуы мүмкін.

Талқылау

Жүргізілген талдаудан жалпы жағдайды көруге болады және диссертацияларды қорғау деңгейінің төмен болу себептерін тереңірек түсіну

үшін қосымша зерттеу жүргізу қажет. Бұған докторанттардың оқу, диссертациялық зерттеу жүргізу, диссертациялық жұмысты жазу кезіндегі немесе диссертациялық зерттеу нәтижелерін жариялауға байланысты қиындықтар себеп болуы мүмкін. Мәселен, олардың бірі мақалаларды жазу және оларды Scopus және Web of science деректер базасында индекстелетін халықаралық ғылыми рецензияланатын журналдарда жариялау болуы мүмкін, себебі соңғы жылдары қорғауға жіберу үшін жарияланымдар бойынша талаптардың жиі өзгеруі тіркелген. Алайда, бұл мәселенің мәнісі одан да тереңірек болуы мүмкін, атап айтқанда, докторанттардың зерттеу әдістері мен ғылыми мақалалар жазу техникасы бойынша терең білімі мен практикалық дағдыларының төмен деңгейі.

Докторантурадағы білім беру процесінің жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатқа қарамастан кемшіліктері бар, бұл докторантураның білім беру бағдарламасының сапасын, Қазақстандағы диссертациялардың қорғалу деңгейін және ғылыми кадрлардың дәрежелілігін арттыру бойынша түрлі шараларды әзірлеуді талап етеді. Зерттеу негізінде мынадай шаралар ұсынылады:

- докторантураға оқуға қабылдау кезінде:

1) жұмыс өтілінің болуы жөніндегі талапты «кемінде 9 айдан» «3 жыл ғылыми-педагогикалық өтілге немесе болжамды зерттеу тақырыбына байланысты саладағы өтілге өзгерту. Магистратура бағдарламасын GPA 4.0-мен бітірген адамдар үшін магистрлік зерттеу тақырыбын жалғастыру шартымен өтілінің болуы туралы талапты қолданбау»;

2) міндетті талаптардың бірі – ғылыми мақалалардың болуы, оның ішінде болжамды зерттеу тақырыбы бойынша мақалалардың болуын, яғни «соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдардың тізімін» қосу.

- докторантурада оқу кезінде:

1) ғылыми-зерттеу институтында немесе диссертациялық зерттеу тақырыбына байланысты гранттық немесе бағдарламалық-мақсатты зерттеу жобасындағы жұмысты қоспағанда, оқу

кезеңінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада білім алушыларға жұмыс істеуге тыйым салу. Бұл талаптың орындалуын әрбір оқу жылы аяқталғаннан кейін докторантурада грант бойынша білім алушылардың зейнетақы жинақтарын тексеру арқылы бақылау, мұндай фактілер анықталған жағдайда гранттардан айыруға және қаражатты мемлекетке қайтаруға міндеттеу. Мәселен, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада білім алушыларға 217 500 теңге мөлшерінде ай сайынғы мемлекеттік стипендия төленеді [9]. Жыл сайын стипендияны 20%-ға көтеру және алдағы 4-5 жылда оны 500 000 теңгеге дейін өсіру жоспарлануда [10]. 2023 жылдың деректері бойынша «Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер» саласындағы орташа айлық жалақы 311489 теңгені құрады [11]. Яғни, бүгінде докторанттар ғылыми-зерттеу институтында аға және жетекші ғылыми қызметкердің жалақысымен сәйкес келетін стипендия алады. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабы 4-тармағының 2-тармақшасына сәйкес [12] білім алушылар «оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен ұштастыруға» құқылы. Бұл ретте 47-баптың 7-тармағының 10-тармақшасында «білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқу процесінен алаңдатуға жол берілмейді» деп көрсетілген;

2) ғылыми кеңесшілерге қойылатын талаптарды және олардың докторанттың уақтылы қорғауына жауапкершілігін арттыру. Мысалы, диссертациялық кеңестің мүшелеріне қойылатын талаптар деңгейіне дейін: Хирш индексі кемінде 3 немесе ғылым саласына байланысты рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдардың болуы. Сондай-ақ ғылыми кеңесшілерді тағайындау кезінде ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлеріне және/немесе білім алушыны зерттеу тобының негізгі құрамына қосу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, гранттық немесе бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасы бар адамдарға басымдық беру;

3) докторантурада білім алушыларға «Келешек» бірыңғай ортақ білім беретін жинақтау жүйесі шеңберінде

бірыңғай білім беру шотында болуы мүмкін білім беру грантының қаражатын, оның ішінде шетелдік тағылымдамаға, далалық зерттеулер жүргізуге, қажетті деректер базаларын, жабдықтар мен бағдарламалық жасақтамаларды сатып алуға, пайдалану жөніндегі қаржылық есепті және осы шығыстарды растайтын құжаттарды міндетті түрде тапсыра отырып, жариялау жарнасын дербес бөлуге рұқсат ету;

4) жоғары оқу орнының ішінде оқу процесін дамыту және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын жақсарту:

- пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің дайындалуына мониторинг пен бақылауды күшейту, базалық пәндер мен таңдау пәндері курсының қолданбалы бөлігін күшейту, жеке тәсілді қолдану (диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша элективті пәндер), зерттеудің заманауи әдістері мен жарияланымдарға қойылатын талаптарға бағдарланған жаңа курстар әзірлей отырып, докторантура бағдарламаларын жыл сайын жаңарту, ғылыми кеңесшілер тарапынан консультациялық сағаттардың өткізілуін және сапасының сақталуына бақылауды күшейте отырып, пәндер санын қысқарту;

- «Академиялық жазу», «Ғылыми зерттеу әдістері», «Ғылыми-зерттеу қызметін жоспарлау және ұйымдастыру» пәндері бойынша «Coursera» платформасында әлемнің жетекші университеттерінің онлайн курстары, сондай-ақ әртүрлі бағдарламалық жасақтамаларды пайдалану курстары арқылы игерілген кредиттерді студенттерге қайта есептеу;

- оқытушылардың құзыретіне бағалау жүргізу, олардың бағдарлама талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету, заманауи оқыту әдістері мен технологияларын пайдалана отырып, тренингтер мен қосымша оқытуды ұйымдастыру арқылы профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру;

- ғылыми-зерттеу практикасын практика мерзімін бірнеше айға дейін ұзарта отырып және диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша қолжазба дайындау міндеттемесімен ғылыми-зерттеу институтының базасында ғана

жүргізу;

5) әрбір университеттің (факультеттің, кафедраның) базасында докторанттарға академиялық жазу, жарияланымдар және зерттеу әдіснамасы мәселелерінде докторантураның жоғары курс студенттері, Жас ғалымдар кеңесі және «апгрейд» орталықтар тарапынан, сондай-ақ психологиялық қызметтердің қолдауымен, оның ішінде докторант пен ғылыми кеңесшілер арасындағы жеке сипаттағы мәселелер мен жанжалдарды шешу үшін менторлық қолдау көрсету бағдарламасымен, зерттеу этикасын бұзуға және докторанттарға құрметсіздікпен қарауға жол бермеу арқылы Докторанттарды қолдау орталығын құру;

6) докторантурада оқу мерзімін 4 жылға дейін ұлғайту, оның ішінде 3 жыл докторанттарды университеттегі қоғамдық жұмыстарға тартпай, тек ғылыми-зерттеу жұмысына арналады;

- **диссертацияны қорғауға жіберу кезінде:** қорғауға жіберу үшін жарияланымдарға қойылатын талаптарға бесінші мүмкіндікті қосу. Мысалы, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған, диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша өз бетінше немесе ғылыми кеңесшілермен бірлесіп жарияланған Басылымдар тізіміндегі журналдардағы 8 мақала, олардың үшеуі ағылшын тілінде;

- **диссертацияны қорғау кезінде:** дәрежелерді беру қағидаларына Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші және/немесе екінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған кемінде екі мақала мен бір шолудан немесе үш мақала сериясы нысанында диссертацияны қорғау арқылы дәреже алу мүмкіндігін ашатын ережелер енгізу, мұнда докторант мақалалардың бірінде хат-хабарлардың бірінші авторы немесе авторы болып табылады. Атап айтқанда, докторант барлық үш басылымда хат-хабарлардың бірінші авторы немесе авторы болуы, сондай-ақ оларды өздігінен немесе ғылыми кеңесшілермен бірлесіп жариялауы үшін шартты қосу ұсынылады. Бірнеше авторлары бар жарияланымдар жиынтығы бойынша қорғау кезінде

ізденушінің жеке үлесі көрінбеуі мүмкін. Сондай-ақ, диссертацияның осы нысанын және Этикалық комиссияның, рецензенттердің, диссертациялық және сараптамалық кеңестер қорытындыларының нысандарын қорғау рәсімі туралы тармақтарды қосу керек. Мысалы, рецензенттер, диссертациялық және сараптамалық кеңестердің мүшелері өзі жазу, ішкі бірлік, ғылыми жаңашылдық, дәйектілік және практикалық құндылық пен академиялық адалдық принциптерінің сақталуы бойынша жұмысты бағалау критерийлеріне сәйкес келетін ақпарат көрсетілетін ғылыми баяндама немесе реферат (аннотация).

Ұсынылған шараларды іске асыру ғылыми-зерттеу қызметіне әлеуеті жоғары білім алушыларды тартуға, докторанттардың зерттеу жүргізу және оның нәтижелерін жариялау үшін пайдалы практикалық білім мен дағдыларды меңгеруіне ықпал етеді, бұл диссертациялардың қорғалу деңгейін арттыруға және ғылымның барлық салаларында дәрежелілік деңгейін көтеруге алып келеді.

Қорытынды

Соңғы жылдары Қазақстанда ғылыми кадрларды даярлау және диссертацияларды қорғау үдерісі жаңғыртылуда. Докторантураға түсушілерге, оны қорғаушыларға және қорғауға жіберу процессіндегі жағдайларға қойылатын талаптар күшейтілді. Диссертацияларды қорғауда ғылымның әртүрлі салаларындағы білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері ескеріле бастады. Гуманитарлық ғылымдар докторанттары үшін қорғауға рұқсат беру үшін жарияланымдарға қойылатын талаптар екі түрлі мүмкіндікке бөлінді, яғни оның бірі халықаралық рецензияланған журналда мақала жарияламау мүмкіндігі бар. Аталған іс-шаралар докторанттарда зерттеу дағдыларының жоғары деңгейін қалыптастыруға бағытталған, бұл жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлауды және елде бәсекеге қабілетті ғылымды дамыту жөніндегі міндеттерді орындауды

қамтамасыз етеді.

Алайда, Қазақстанда ғылыми кадрларды даярлау ғылымның барлық салаларында шығарылатын философия докторларының төмен деңгейімен сипатталады, бұл ғылыми кадрларды даярлаудың тиімсіздігін және ғылымды қажетсінетін базисті қалыптастыру үшін жас ғалымдардың сыни массасының жоқтығын көрсетеді. Сонымен қатар, гуманитарлық ғылымдар саласында диссертацияларды қорғау жағдайы басқа ғылымдар саласына қарағанда жақсы, бұл қорғауға рұқсат беру кезінде жарияланымдарға қойылатын талаптардың әлсіреуіне байланысты болуы мүмкін. Докторантураны бітіргеннен кейін диссертацияларды қорғаудың төмен деңгейі докторанттардың диссертациялық зерттеуді оқыту және қорғау процесінде кездесетін мәселелерімен байланысты. Докторантурадағы білім беру процесінің жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатқа қарамастан кемшіліктері бар, бұл докторантураның білім беру бағдарламасының сапасын және Қазақстандағы ғылыми кадрлардың дәрежелілігін арттыру бойынша жаңа шараларды әзірлеуді талап етеді.

Алғыс білдіру

Зерттеуге Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті (AP19680246 «Қазақстан экономикасын цифрландыру жағдайында жоғары интеллектуалды кадрлық әлеуетті арттыру: мәселелері мен перспективалары», 2023-2025 жж.) және Орталық Азия істері жөніндегі «Оксус» қоғамы («Орталық Азиядағы ғылыми-академиялық және азаматтық секторлар арасындағы әріптестікті нығайту жолымен деректерге негізделген шешімдерді ілгерілету» бағдарламасы, 2023-2024 жж.) қолдау көрсетті. Автор саясаттанушы-халықаралық сала маманы, академиялық коуч, «Crossroads Central Asia think tank» зерттеушісі, PhD Айжан Шаршеноваға қолдау көрсетіп, құнды пікірлер мен ұсыныстар бергені үшін ерекше алғысын білдіреді.

Әдебиеттер тізімі

1. Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении Концепции развития высшего образования и науки в РК на 2023 – 2029 годы: утв. 28.03.23 г., № 248.
2. Национальный доклад по науке за 2022 год. — Астана; Алматы: НАН РК, 2022. — 250 с.
3. Бюллетень «Основные показатели научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ в Республике Казахстан» (15 серия): 2020 год. - URL: <https://old.stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT410065> (дата обращения: 10.01.2024).
4. Бюллетень «Основные показатели научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ в Республике Казахстан» (15 серия): 2022 год. - URL: <https://old.stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT481366> (дата обращения: 10.01.2024).
5. Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде. О внесении изменений в приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 марта 2011 года № 127 «Об утверждении Правил присуждения ученых степеней».- URL: <https://law.gov.kz/client/#!/search/results/s=%D0%9F%D1%80%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%B7+%D0%9C%D0%B8%D0%BD%D0%B8%D1%81%D1%82%D1%80%D0%B0+%D0%BE%D0%B1%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D1%8F+%D0%B8+%D0%BD%D0%B0%D1%83%D0%BA%D0%B8+%D0%A0%D0%B5%D1%81%D0%BF%D1%83%D0%B1%D0%BB%D0%B8%D0%BA%D0%B8+%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD+%D0%BE%D1%82+31+%D0%BC%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B0+2011+%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D0%B0+%E2%84%96+127> (дата обращения: 20.10.2023).
6. Maloshonok N., Terentev E. National barriers to the completion of doctoral programs at Russian universities // Higher Education. – 2019. - №2(77). – Pp. 195-211. <https://doi.org/10.1007/s10734-018-0267-9>.
7. Kuzhabekova A., Mukhamejanova D. Productive researchers in countries with limited research capacity: Researchers as agents in Post-Soviet Kazakhstan // Studies in Graduate and Postdoctoral Education. – 2017. - № 1(8). – Pp. 30-47. <https://doi.org/10.1108/SGPE-08-2016-0018>.
8. Kuzhabekova A., Ruby A. Raising research productivity in a post-soviet higher education system: A case from Central Asia. European Education. – 2018. - № 3(50). – Pp. 266-282. <https://doi.org/10.1080/10564934.2018.1444942>.
9. Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении Правил назначения, выплаты и размеров государственных стипендий: утв. 7 февраля 2008 года, № 116.
10. В Казахстане стипендию докторантов повысят до 500 тысяч тенге. - URL: <https://ru.qaz365.kz/education/3958-stipendiia-doktorantov-dostignet-500-tysiach-tenge/> (дата обращения: 20.01.2024)
11. Бюллетень «Заработная плата работников в Республике Казахстан по основным профессиям и должностям» (14 серия): 2023 год. - URL: <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/97709/file/ru/> (дата обращения: 10.01.2024).
12. Закон Республики Казахстан. Об образовании: утв. 27.07.07 г., № 319-III.

References

1. Postanovleniye Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan. Ob utverzhdenii Kontseptsii razvitiya vysshego obrazovaniya i nauki v RK na 2023 – 2029 gody: utv. 28.03.23 g., № 248.
2. Natsional'nyy doklad po nauke za 2022 god. — Astana; Almaty: NAN RK, 2022. — 250 s.
3. Byulleten' «Osnovnyye pokazateli nauchno-issledovatel'skikh i opytно-konstruktorskikh rabot v Respublike Kazakhstan» (15 seriya): 2020 god. - URL: <https://old.stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT410065> (data obrashcheniya: 10.01.2024).
4. Byulleten' «Osnovnyye pokazateli nauchno-issledovatel'skikh i opytно-konstruktorskikh rabot v Respublike Kazakhstan» (15 seriya): 2022 god. - URL: <https://old.stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT481366> (data obrashcheniya: 10.01.2024).
5. Etalonnyy kontrol'nyy bank normativnykh pravovykh aktov Respubliki Kazakhstan v elektronnom vide. O vnesenii izmeneniy v prikaz Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan ot 31 marta 2011 goda № 127 «Ob utverzhdenii Pravil prisuzhdeniya uchenykh stepeney». - URL: <https://law.gov.kz/client/#!/search/results/s=%D0%9F%D1%80%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%B7+%D0%9C%D0%B8%D0%BD%D0%B8%D1%81%D1%82%D1%80%D0%B0+%D0%BE%D0%B1%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D1%8F+%D0%B8+%D0%BD%D0%B0%D1%83%D0%BA%D0%B8+%D0%A0%D0%B5%D1%81%D0%BF%D1%83%D0%B1%D0%BB%D0%B8%D0%BA%D0%B8+%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD+%D0%BE%D1%82+31+%D0%BC%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B0+2011+%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D0%B0+%E2%84%96+127> (data obrashcheniya: 20.10.2023).

6. Maloshonok N., Terentev E. National barriers to the completion of doctoral programs at Russian universities // Higher Education. – 2019. - №2(77). – Pp. 195-211. <https://doi.org/10.1007/s10734-018-0267-9>.

7. Kuzhabekova A., Mukhamejanova D. Productive researchers in countries with limited research capacity: Researchers as agents in Post-Soviet Kazakhstan // Studies in Graduate and Postdoctoral Education. – 2017. - № 1(8). – Pp. 30-47. <https://doi.org/10.1108/SGPE-08-2016-0018>.

8. Kuzhabekova A., Ruby A. Raising research productivity in a post-soviet higher education system: A case from Central Asia. European Education. – 2018. - № 3(50). – Pp. 266-282. <https://doi.org/10.1080/10564934.2018.1444942>.

9. Postanovleniye Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan. Ob utverzhdenii Pravil naznacheniya, vyplaty i razmerov gosudarstvennykh stipendiy: utv. 7 fevralya 2008 goda, № 116.

10. V Kazakhstane stipendiyu doktorantov povysyat do 500 tysyach tenge. - URL: <https://ru.qaz365.kz/education/3958-stipendii-doktorantov-dostignet-500-tysiach-tenge/> (data obrashcheniya: 20.01.2024).

11. Byulleten' «Zarabotnaya plata rabotnikov v Respublike Kazakhstan po osnovnym professiyam i dolzhnostyam» (14 seriya): 2023 god. - URL: <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/97709/file/ru/> (data obrashcheniya: 10.01.2024).

12. Zakon Respubliki Kazakhstan. Ob obrazovanii: utv. 27.07.07 g., № 319-III.

ПРИСУЖДЕНИЕ СТЕПЕНИ ДОКТОРА ФИЛОСОФИИ В КАЗАХСТАНЕ: ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА И ЕЕ РЕЗУЛЬТАТЫ

Зайра САТПАЕВА, PhD, ассоциированный профессор, Институт экономики Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, ул. Шевченко, 28, A25K1B0, Алматы, Казахстан, szt_kz@mail.ru, Web of Science Researcher ID: N-5297-2014, Scopus Author ID: 57214615874, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1644-3709>.

AWARD OF DOCTOR OF PHILOSOPHY DEGREE IN KAZAKHSTAN: PUBLIC POLICY AND ITS RESULTS

Zaira SATPAYEVA, PhD, associate professor, Institute of Economics of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 28 Shevchenko St., Almaty, A25K1B0, Republic of Kazakhstan, szt_kz@mail.ru, Web of Science Researcher ID: N-5297-2014, Scopus Author ID: 57214615874, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1644-3709>.